## С. Чакрабарти ұсынымдарын іске асыру жөніндегі жол картасын (Gap Analysis) бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 17 қыркүйектегі № 156-ө өкімі.

Қазақстан Республикасының экономикалық реформаларының стратегиясы мен бағдарламаларын, мемлекеттік басқаруын, коммуникациясын және брендін одан әрі жетілдіру мақсатында:

1. С. Чакрабарти ұсынымдарын іске асыру жөніндегі жол картасы (Gap Analysis) ( бұдан әрі - Жол картасы) бекітілсін.

2. Жол картасын орындауға жауапты орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша) және Қазақстан Республикасының өзге де ұйымдары (келісу бойынша):

1) Жол картасын іске асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын;

2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне дейін Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне Жол картасының іске асырылу барысы туралы есеп жолдасын.

3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі (келісу бойынша) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күніне дейін Қазақстан Республикасы Үкіметіне Жол картасын іске асыру жөніндегі есепті ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30- күніне дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жол картасын іске асыру жөніндегі есепті ұсынсын.

5. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне (келісу бойынша)

*Премьер-Министр* *А. Мамин*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2021 жылғы 17 қыркүйектегі
№ 156-ө өкімімен бекітілген

## С. Чакрабартидің ұсынымдарын іске асыру жөніндегі жол картасы (Gap Analysis)

| **Р/с №** | **С. Чакрабартидің ұсынымы** | Іс-шараның атауы | Аяқтау нысаны | Нәтижелерге жауаптылар | Аяқталу мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **2** | 3 | 4 | 5 | 6 |
| **1.Ұлттық стратегиялық жоспарлау** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Президенттің сөзін дайындау кезінде мыналарды қамтамасыз еткен жөн : жаңа саяси және стратегиялық міндеттемелерге сыни талдау жүргізу; сөз сөйлеуде ұлттық басымдықтарда және 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында белгіленген мәселелер мен жоспарлар арасында басымдықтарды бөліп көрсету; сөз сөйлеуде азаматтардың күнделікті өмірінде пікір айтылып жүрген түйінді нәтижелерге ( процестерге ғана емес) назар аудару; сөз сөйлеуге болашақ міндеттемелер туралы ғана емес, қол жеткізілген нәтижелер туралы есеп беру ақпаратын қосу, сондай-ақ сөз сөйлеудің бірнеше негізгі коммуникациялық хабарламаларына негізделген болуы | Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Сэр Сума Чакрабартидің ұсынымдарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президенті жолдауының жобасын дайындау | Қазақстан Республикасының Президенті Жолдауының жобасына ұсыныстар | Үкімет | мамыр, жыл сайын |
| 2. Экономиканы әртараптандыру және өнімділіктің өсуін қолдау | | | | | |
| | Дүниежүзілік банк өнімділігінің ағымдағы зерттеуіне және/немесе экономикалық күрделілік индексін пайдалана отырып, жаңа зерттеуге негізделген экономиканың өнімділігін әртараптандыру және | Economic Complexity Index әдіснамасы бойынша Қазақстан экономикасы салаларының бәсекелестік артықшьшықтарын айқындау бойынша зерттеу жүргізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Президенті Әкімшілігіне ақпарат | СЖРА (келісу бойынша), ИИДМ, АШМ, СИМ, ЭМ, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ( келісу бойынша) | 2022 жылғы шілде |
| | | Дүниежүзілік банктің "Қазақстандағы өнімділіктің өсуін ынталандыру шеңберінде техникалық қолдау - | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2. | арттыру, түйінді салыстырмалы артықшылықтарды анықтау үшін мүмкіндіктер мен проблемаларды зерттеуді дайындау. Зерттеу өңірлік талдауды қоса алғанда, Қазақстанның бүкіл аумағын қамтуға және саясаттың түйінді басымдықтарының жол картасын жасау үшін пайдаланылатын ұсынымдарды қамтуға тиіс. | Қазақстандағы микродеңгейдегі өнімділіктің жиынтық өсуінің динамикасы" тақырыбындағы зерттеу қорытындысы бойынша ұсынымдар әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ, ИИДМ, АШМ, ЭМ | 2021 жылғы желтоқсан |
| | | алдыңғы, оның ішінде Дүниежүзілік банкпен бірлесіп жүргізілген зерттеулерді талдау және оның негізінде экономиканың өнімділігін әртараптандыру және арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ, ИИДМ, АШМ, ЭМ, МСМ, СИМ, СЖРА (келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |
| 3. | Салыстырмалы артықшылықтарды зерттеуді талдауы мен оның ұсынымдарына сүйене отырып, жалпы өнеркәсіптік стратегия мен әртараптандыру стратегиясын дайындау бойынша жұмысты бастау. Мұндай саясат: саясаттың бірқатар байланысты салалары үшін жалпы стратегиялық бағытты, басқалармен қатар: жекешелендіру және капитал салымдарын иеліктен шығару саясатын; сауда саясатын; инвестициялық саясатты және ілгерілетуді; кеңістікте дамытуды; энергетиканы; жасыл өндірістерді дамытуды қоса алғанда; сондай-ақ экономикалық саясатты инфрақұрылымды дамыту; білім беру | индустриялық дамуға, сауда саясатына, инвестициялық саясатқа, энергетикаға, жасыл өндіріске, кеңістікте дамуға байланысты тұжырымдамалар мен ұлттық жобаларға және Экономикалық күрделілік индексінің әдіснамасын пайдалана отырып және жоғарыда көрсетілген стратегиялық бағыттағы құжаттармен және инфрақұрылымдық даму, білім беру, кәсіпкерлікті дамыту және әлеуметтік саясат үшін интеграцияланған | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ҰЭМ, СЖРА (келісу бойынша), ИИДМ, АШМ, ЭМ, СИМ, ЭГТРМ, БҒМ, Еңбекмині, мүдделі мемлекеттік органдар, "Бәйтерек ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), "АХҚО Әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша) | 2022 жылғы қыркүйек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен оқыту; кәсіпорындар мен кәсіпкерлікті дамыту; қаржыландыруға қол жеткізу; және әлеуметтік саясат сияқты қолдаушы экожүйені құру үшін саясаттың аса маңызды басқа салаларымен негұрлым тиімді байланыстыру үшін кешенді негіз әзірлеуді қамтамасыз етуге тиіс. | негізмен қамтамасыз ете отырып, зерттеу нәтижелері негізінде аумақтық даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу | | | |
| **4.** | Жалпы өнеркәсіптік стратегия мен әртараптандыру стратегиясын дайындағаннан кейін ауыл шаруашылығы немесе туризм сияқты негізгі секторлардағы жаңа стратегиялардың қажеттілігін бағалау және қажет болуына қарай жұмысқа кірісу дайындаудың озық сатысымен үйлестіру. АДЖ-ны 2021 жылғы көктемде асығыс шығармау қажет | агроөнеркәсіптік кешенді, туризмді дамыту жөнінде ұсынымдар әзірлеу және қажет болған жағдайда саланы дамыту тұжырымдамалары мен ұлттық жобаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | АШМ, МСМ, СЖРА (келісу бойынша) | 2022 жылғы қыркүйек |
| 5. | АДЖ дайындауды өнеркәсіптік стратегия мен әртараптандыру стратегиясының негізін дайындаудың озық сатысымен үйлестіру. АДЖ-ны 2021 жылғы көктемде асығыс шығармау қажет | АДЖ әзірлеу | Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы | ҰЭМ, СЖРА (келісу бойынша) мүдделі ОМО, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері | 2021 жылғы желтоқсан |
| **3. Мемлекеттік кәсіпорындарды (МК) жекешелендіру және реформалау** | | | | | |
| | Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің | Жекешелендірудің 2021 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес | Қазақстан Республикасының Үкіметіне және | Қаржымині, ҰЭМ, "Самұрық- Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу | жыл сайын 2021 - 2025 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6. | қаңтардағы отырысында мақұлданған жекешелендіру жоспарының таныстырылымы негізінде 2021 жылы нақты кәсіпорындарды жекешелендіру процесін іске асыру жөніндегі жұмыстардың егжей-тегжейлі жоспарын жасау. Келесі жылдары сатылатын кәсіпорындарды айқындайтын жекешелендірудің үш жылдық өтпелі жылжымалы жоспар дайындау | жекешелендіру объектілері бойынша жол карталарын іске асыру | Президенті Әкімшілігіне ақпарат | бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар және ұйымдар | жылдардағы желтоқсан |
| | | жекешелендіруге стратегиялық шетелдік инвесторларды тарту бойынша үкіметаралық комиссиялар мен шетелдік мекемелердің жұмысын жандандыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СІМ, ҰЭМ, Қаржымині, "Kahakh Invest" ҰК" АҚ (келісу бойынша), "АХҚО" Әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |
| | | әрбір жекешелендіру объектісі бөлінісінде Жекешелендірудің 2021 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру үшін дербес жауапкершілікті бекіту | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ | 2022 жылғы қаңтар |
| 7. | Жекешелендіруге дайындық кезінде жеке қолға монополиялық пайданың, мемлекеттік кәсіпорындар пайдаланатын кең ауқымды мемлекеттік қорғаудың және арзан қаржыландыру көздеріне қол жеткізудің берілуін болдырмайтын айқын процесті енгізу. Оның орнына, жекешелендіру кәсіпорынның дамуына да, сол сияқты тиісті сектордағы бәсекелестіктің кеңеюіне, сондай-ақ жаңа технологияларды, инновациялар мен | қолданыстағы жекешелендіру тетігіне: бәсекелестікті дамытуды; монополиялық жағдайлардың күшеюін болдырмауды; жекешелендірілетін ұйымдардың бюджеттен арзан қаржыландыру көздеріне және жекешелендіруден кейінгі мемлекеттік қолдау шараларына қол жеткізуін шектеуді; жекешелендірілетін ұйымды дамытуды; жаңа технологияларды, инновацияларды және құзыреттерді тартуды көздейтін өзгерістер мен | Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Президенті Әкімшілігіне ақпарат | ҰЭМ, Қаржымині, БҚДА (келісу бойынша), "Атамекен" ҰКП, "АХҚО" Әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құзыреттерді тартуға ықпал ететініне көз жеткізу | толықтырулар енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу | | | |
| 8. | "Самұрық-Қазына" ( Самұрық- Қазына холдингтері), ұлттық компаниялар мен даму институттарының мақсаттарына, операциялық моделіне және корпоративтік басқаруына жекешелендіру жоспарларын қоса алғанда, олардың 2025 жылға дейінгі ұлттық даму мақсаттарына толық сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін шолу жүргізу | ЕК аудитінің қорытындысы негізінде Үкіметтің ұсынымдарын ескере отырып, ұлттық компаниялар мен даму институттарының (" Самұрық- Қазына " ҰӘҚ" АҚ құрамына кірмейтін) мақсаттарын, операциялық моделін және корпоративтік басқаруын олардың МЖЖ-ның жоғары тұрған құжаттарының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі мәніне шолу және талдау, сондай-ақ оларды сәйкестікке келтіру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | ҰӘМ, Қаржымині, БҚДА (келісу бойынша ), СЖРА (келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |
| | | ЕК аудитінің қорытындысы негізінде Үкіметтің ұсынымдарын ескере отырып, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ мен оның портфельдік компанияларының мақсаттарын, операциялық моделін және корпоративтік басқаруын, МЖЖ-ның жоғары тұрған құжаттарының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі мәніне шолу және талдау, сондай-ақ оларды сәйкестікке келтіру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Президенті Әкімшілігіне ұсыныстар | "Самұрық- Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), ҰЭМ, Қаржымині, БҚДА ( келісу бойынша), СЖРА (келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |
| | "Бәйтерекке" қатысты: оның рөлі туралы, яғни оның активтерді басқару жөніндегі мемлекеттік ұйым немесе ұлттық | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9. | қаржылық даму институты болып табылатыны-табылмайтыны туралы шешім қабылдауды қолдау үшін шолу жүргізу. Осы шолудан туындайтын ұсынымдар негізінде холдинг пен оның активтеріне қайта ұйымдастыру жүргізу | "Бәйтерек ҰБХ" АҚ өзектілендірілген стратегиясының іске асырылуын бағалау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Президенті Әкімшілігіне ақпарат | ҰЭМ, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша), АШМ, Қаржымині, БҚДА (келісу бойынша ), ҰБ (келісу бойынша) , СЖРА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар | 2022 жылғы тамыз |
| 4. Кәсіпкерлік | | | | | |
| 10. | ШОК тікелей қолдау мен субсидиялаудың ағымдағы режимінен неғұрлым нарықтық құралдар мен тәсілдерге пандемиядан кейінгі көшуді қамтамасыз ететін кәсіпкерлікті дамытудың жаңа стратегиясын дайындау. Жаңа стратегия мынадай шараларды қамтуға тиіс: ШОК тап болатын негізгі шектеулерді жою; жеке және мемлекеттік кәсіпорындар үшін тең жағдайлар жасау; сондай-ақ заңнаманы және заңның үстемдігін әкімшілік оңайлату мен жетілдіру арқылы ШОК дамуына көбірек жәрдемдесу. Осы тұрғыда пандемия кезеңі үшін қажетті уақытша шаралардан анағұрлым ұзақ мерзімді нарықтық тәсілге сәйкес келетіндерге көшу мақсатында ақпан айында РЖК | басым салаларда шағын және орта бизнесті қолдаудың баламалы тетіктерін енгізуге, ШОК тап болатын негізгі шектеулерді жою арқылы пандемиядан кейінгі дамуды қамтамасыз етуге бағытталған Кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірлеу; жеке және мемлекеттік кәсіпорындар үшін тең жағдайлар жасау; заңнаманы және заңның үстемдігін әкімшілік оңайлату мен жетілдіру арқылы ШОК-тың дамуына жәрдемдесу | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы | ҰЭМ, СЖРА (келісу бойынша), мүдделі ОМО, "Атамекен" ҰКП | 2021 жылғы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мақұлдаған ШОК-ға арналған пакетті қайта қарауда маңызды | | | | |
| 11. | "Таза парақтан бастап реттеу" бастамасы шеңберінде реттеуді оңтайландыру және оңайлату бойынша ағымдағы жұмысты жалғастыру және аяқтау | "Кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеушілік саясатты енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Казакстан Республикасының Заңын қабылдау (" таза парақтан" реттеу ) | Қазақстан Республикасының Заңы | ҰЭМ, мүдделі ОМО, " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |
| | | катысушылар ( мемлекеттік органдардың, бизнестің өкілдері, салалық сарапшылар) үшін кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындауға міндетті талаптарды қамтитын қолданыстағы нормативтік құқықтың актілерді және өзге де құжаттарды бастапқы салаларда (сауда; тұру және қоғамдық тамақтандыру қызметтері; ауыл шаруашылығы; көлік ); қалған салаларда қайта қарау (талдау) үшін оқыту семинарларының циклін өткізу | Казақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ, мүдделі ОМО, " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2022 жылғы ақпан бастапқы салалар үшін 2023 жылғы қыкүйек қалған салалар үшін |
| | | кәсіпкерлермен, салалық сарапшылармен, қауымдастықтармен бастапқы салалар ( сауда; тұру және қоғамдық тамақтандыру кызметтері; ауыл шаруашылығы; көлік ); қалған салалар | | | 2022 жылғы наурыз бастапқы салалар үшін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бөлінісінде олардың қызмет саласын реттеу бөлігінде проблемалық мәселелерді анықтау мақсатында терең сұхбаттар мен анкеталық сауалнамалар жүргізу ; | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ, мүдделі ОМО, " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2023 жылғы наурыз қалған салалар үшін |
| | | бастапқы салаларда ( сауда; тұру және қоғамдық тамақтандыру қызметтері; ауыл шаруашылығы; көлік ); қалған салалар бөлінісінде кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындауға міндетті талаптарды қамтитын қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді және өзге де құжаттарды қайта қарау (талдау) | Реттеушілік талаптар мен шаралар тізбесі | ҰЭМ, мүдделі ОМО, " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2022 жылғы желтоқсан бастапқы салалар үшін 2023 жылғы желтоқсан қалған салалар үшін |
| | | бастапқы салалар ( сауда; тұру және қоғамдық тамақтандыру қызметтері; ауыл шаруашылығы; көлік ); қалған салалар бөлінісінде қайталанатын, ескірген, артық нормалар мен талаптарды алып тастау бойынша ұсынымдар әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ, мүдделі ОМО, " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2022 жылғы желтоқсан 2023 жылғы желтоқсан |
| | | Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі шеңберінде Кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптар тізілімін қалыптастыру, | әдістемелік құрал | | 2023 жылғы қаңтар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | толықтыруды қамтамасыз ету, жүргізу және өзектілендіру бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындау | | ҰЭМ, мүдделі ОМО, " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | |
| 12. | Бизнеске қатысты барлық нормативтік талаптарды бір жерде біріктіретін бизнес-кодексті дайындау бойынша тиісті жұмысты аяқтау | Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі шеңберінде нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың дерекқоры болып табылатын Кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптар тізілімін құру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ, мүдделі ОМО, " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |
| | | бастапқы салалар ( сауда; тұру және қоғамдық тамақтандыру қызметтері; ауыл шаруашылығы; көлік ); қалған салалар бөлінісінде Кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптардың тізілімін толықтыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ, мүдделі ОМО, " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2022 жылғы желтоқсан 2023 жылғы желтоқсан |
| 5. Инвестициялық стратегия, инвестицияларды ынталандыру және инвестициялық ахуал | | | | | |
| 13. | Инвестициялық саясатпен және ілгерілетумен айналысатын әртүрлі мемлекеттік құрылымдар туралы жалғасып жатқан пікірталастар тұрғысында барынша келісушілікті қамтамасыз ету және қайталануды қысқарту үшін әртүрлі инвестициялық | инвесторлар мен агенттіктерді қолдаудың қолданыстағы құралдарына функционалдық талдау, сондай-ақ инвестициялар тарту бойынша қолданыстағы әлемдік және өңірлік трендтерге талдау жасау және ұсынымдар әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ҰЭМ (жинақтау), СІМ, "АХҚО" Әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша), " Kazakh Invest ҰК" АҚ ( келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |
| | | инвестициялық стратегияны қайта қарау мен сауда және | | ҰЭМ, СІМ, СИМ, ИИДМ, "АХҚО" Әкімшілігі" АҚ (келісу | 2021 жылғы желтоқсан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құралдарды ықпалдастыруға және ұтымды етуге арналған кезең-кезеңдік тәсілдерді әзірлеу | өнеркәсіптік саясатпен синхрондау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | бойынша), "Kazakh Invest ҰК" АҚ (келісу бойынша) | |
| | | мемлекеттік колдау институттарын, қорларды, жобаларды ілгерілету жөніндегі ұйымдарды қосу арқылы қайталанатын функцияларды оңтайландыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Президенті Әкімшілігіне ақпарат | СІМ, ҰЭМ, СИМ, ИИДМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ( келісу бойынша), " Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ( келісу бойынша), " АХҚО" Әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша), " Kazakh Invest ҰК" АҚ ( келісу бойынша) | 2021 жылғы қазан |
| 14. | Инвесторларға биліктің ұзаққа созылған дауларды тоқтатуға және инвестициялық ахуалды жақсартуға дайын екендігі туралы нақты түсінік беру үшін мерзімді қорытындылар шығаруды (Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалық етуімен) ұйымдастыру және түйінді шетелдік инвесторлармен қалған дауларды шешу кестесін белгілеу | инвестициялық дауларды шешу мәселелері бойынша қорытындылар шығару мақсатында Премьер-Министрдің төрағалық етуімен тұрақты кеңестер өткізу, түйінді шетелдік инвесторлармен дауларды шешу кестесін белгілеу, реттеудің нұсқалары туралы акпарат беру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктері | жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін |
| | | дисконт алуды пысықтап және отандық бизнесті тарта отырып, елеусіз талаптары бар инвестициялық даулардың бір бөлігін реттеу (Моңғолия үлгісі бойынша) | Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Президенті Әкімшілігіне ақпарат | Әділетмині, СІМ, Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктері | 2022 жылғы ақпан |
| 6. Сауда саясаты және экспортты ынталандыру | | | | | |
| 15. | Ішінара сәйкес келетін құралдары бар әртүрлі бірнеше ұйымның қатысуымен Қазақстанда экспортты ынталандырудың қолданыстағы жүйесін қайта қарау және біртіндеп оңтайландыру мен бір ұйымға шоғырландыру мүмкіндігін қарау, ол арқылы Қазақстанның | отандық экспорттаушыларды қолдау процесін оңтайландыру, оның ішінде бір ұйымға шоғырландыру және "бір терезе" қағидаты | Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Президенті Әкімшілігіне ақпарат | СИМ, ҰЭМ, СИМ, " Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ( келісу бойынша), мүдделі ОМО, " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша) | 2021 жылғы қараша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бүкіл аумағындағы экспорттаушыларға көрсетілетін қызметтер "бір терезе" қағидаты бойынша ұсынылатын болады | бойынша ұсыну арқылы ұсынымдар әзірлеу | | | |
| 7. Қаржы нарықтары мен капитал нарықтарын және АХҚО дамыту | | | | | |
| 16. | АХҚО басқару жөніндегі кеңестің шешіміне сәйкес | ірі мемлекеттік компанияларды жекешелендіруді 2023 жылдың соңына қарай аяқтау | ірі мемлекеттік компаниялардың IPO/ SPO | "Самұрық- Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ, "АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша), ҰЭМ, Қаржымині, ҚНРДА ( келісу бойынша), " Қазақстан қор биржасы " АҚ (келісу бойынша) | 2023 жылғы желтоқсан |
| | | А Х Қ О қатысушыларына ҚНРДА- мен және ҰБ-мен келісілген көрсетілетін қызметтер тізбесіне сәйкес классикалық инвестициялық банкинг қызметтерін көрсету мүмкіндігін беру мәселесін пысықтау | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | ҚНРДА (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша), "АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша) | 2021 жылғы қазан |
| | | K A S E есептік-клирингтік инфрақұрылымын және АХҚО биржасын 3-5 жылдық перспективада интеграциялау мүмкіндігін талқылау | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат | ҰБ (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша), "АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша), "Қазақстан қор биржасы" АҚ ( келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |
| | | БЖЗҚ мен Ұлттық қор активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау қағидаларына енгізілген өзгерістер, сондай-ақ АХҚО локализациялау артықшылықтары мен рәсімі туралы басқарушы компаниялардың хабардар болуын арттыру | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат | ҰБ (келісу бойынша), " АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша) | 2021 жылғы қазан |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | АХҚО қызметіне және дамуына қойылатын реттеушілік шектеулерді жою | АХҚО қатысушылары АХҚО аумағынан Қазақстанның резиденттеріне көрсете алатын қаржылық қызметтердің бекітілген және келісілген тізіміне сәйкес АХҚО лицензиаттарына Қазақстанның қаржы нарығына қол жеткізуді ұсыну мәселесін пысықтау | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | ҚНРДА (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша), "АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша), ҚМА ( келісу бойынша) | 2021 жылғы қазан |
| | | АХҚО қатысушылары Қазақстанның резиденттеріне АХҚО аумағынан көрсете алатын қаржылық қызметтердің бекітілген және келісілген тізімі негізінде Қазақстанның қаржы нарығы инфрақұрылымына қол жеткізуді ұсыну мәселесін пысықтау | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | ҰБ (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша), "АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша), ҚМА ( келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |
| | | АХҚО валюталық реттеу жөніндегі АХҚО актісін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу | Валюталық реттеу жөніндегі АХҚО актісі | "АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша | 2021 жылғы қазан |
| | | АХҚО биржасында шетел валютасында мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару жөніндегі орта мерзімді бағдарламаны әзірлеу | Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы | Қаржымині, ҰЭМ, ҚМА (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша) "АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |
| | АХҚО даму стратегиясына | АХҚО-ны елдің және өңірдің инвестициялық архитектурасына одан әрі | Қазақстан Республикасы | "АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша), Қаржымині, СІМ, ҰЭМ, ҰБ (келісу бойынша) | 2021 жылғы қазан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 17. | өзгерістер мен толықтырулар (қажет болған жағдайда) енгізу | интеграциялау жөнінде ұсыныстар әзірлеу | Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | | |
| | | АХҚО дамыту мәселелері бойынша өзара іс-қимылдың бірлескен мониторингі (Жол картасының 7-бөлімі) | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат | ҰБ (жинақтау) (келісу бойынша), ҚНРДА ( келісу бойынша), " АХҚО әкімшілігі" АҚ ( келісу бойынша) | жартыжылдықта 1 рет, есепті айдан кейінгі бірінші айдың 20- күнінен кешіктірме й |
| 8. Орталық Азиядағы экономикалық ынтымақтастық | | | | | |
| **18.** | Шекара манындағы аумақтарды экономикалық дамытуды; сауданы, оның ішінде сапаны сертификаттау немесе ветеринария саласындағы стандарттар сияқты негізгі өңірлік нарықтарға елдердің экспортын қолдау бастамаларын; АХҚО және оның әртүрлі органдары арқылы ынтымақтастықты қамтитын Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықтың негізгі жобаларының бағдарламасын қарау | Орталық Азиядағы ынтымақтастықтың негізгі жобаларының бағдарламасын әзірлеу және келісу, сондай-ақ бекіту | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы | СИМ, СІМ, мүдделі ОМО, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), "АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |
| | | Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі атынан Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы президенттерінің атына ынтымақтастықтың негізгі жобалары бойынша жазба дайындау | Мемлекет басшысына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | СЖРА (келісу бойынша), СИМ, СІМ | 2021 жылғы қазан |
| 19. | АХҚО базасында Орталық Азия ХҚО құру | АХҚО базасында Орталық Азия АХҚО құру жөніндегі мәселені пысықтау | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | "АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша), Қаржымині, ҰЭМ | 2021 жылғы желтоқсан |
| 9. Климаттың өзгеруі және жаңартылатын энергетика | | | | | |
| 20. | 2021 жылдың соңында Глазгода Тараптар конференциясының 26 -кездесуі қарсаңында БҰҰ халықаралық қаржы институттары мен ұйымдарының тұрақты қолдауына сүйене отырып және | 2030 жылға дейін үш кезеңде іске асыруды көздейтін мүдделі тараптардың ( мемлекеттік органдардың, бизнестің, халықаралық ұйымдардың, ҮЕҰ) қатысуымен Париж келісімінің температуралық мақсатына қол | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы | ЭГТРМ, СЖРА (келісу бойынша), ЭМ, ИИДМ, АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, СИМ, БҒМ | 2021 жылғы қазан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдауымен климаттың өзгеруіне қатысты Қазақстанның халықаралық міндеттемелері мен ұлттық мақсаттарын іске асыру жоспарын дайындау | жеткізудегі Қазақстан Республикасының жаңартылған ұлттық деңгейде айқындалатын салымын бекіту | | | |
| | | Қазақстан Республикасының ұлттық деңгейде айқындалатын салымын іске асыру жөніндегі 2021 - 2025 жылдарға арналған жол картасын бекіту | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы | ЭГТРМ, СЖРА (келісу бойынша), ЭМ, ИИДМ, АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, СИМ, БҒМ, "АХҚО" әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша) | 2022 жылғы наурыз |
| 10. Гендерлік мәселелер | | | | | |
| 21. | Халықаралық сарапшыға Қазақстанның гендерлік саясаты мен практикасын талдауды (өкілдіктен нормаларға дейін) және іске асыруды қадағалау үшін жаңа институционалдық негіз әзірлеу үшін қазіргі Комиссиямен және түйінді халықаралық ұйымдармен бірлескен жұмыс жүргізуді тапсыру | Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиямен және негізгі халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде ағымдағы құралдар мен институционалдық негізге тәуелсіз шолу жүргізу және озық халықаралық тәжірибені ескере отырып, гендерлік саясатты іске асыруды жетілдіру, оның ішінде орталық және жергілікті деңгейлерде жаңа институционалдық негізді әзірлеу бойынша ұсынымдар әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | АҚДМ, ЖАО | 2022 жылғы қараша |
| | | "Гендерлік мұқтаждықтар мен қажеттіліктер картасы: этникалықтың, өңірдің және санаттың әсері" жобасын іске асыру | Әдістемелік ұсынымдар және гендерлік мұқтаждықтар картасы | АҚДМ, ЖАО | 2023 жылғы қараша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалуы туралы Қазақстанның бесінші мерзімді баяндамасы бойынша БҰҰ Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою комитетінің қорытынды ескертулерін іске асыру жөніндегі 2021 - 2023 жылдарға арналған ведомствоаралық іс-шаралар жоспарын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығы | АҚДМ | 2021 жылғы қазан |
| 11. Теңсіздік | | | | | |
| 22. | Өңірлік және басқа теңсіздікті жою үшін ұсыныстар әзірлеу | "Мықты өңірлер - ел дамуының драйвері" ұлттық жобасын әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы | ҰЭМ, СЖРА (келісу бойынша), мүдделі ОМО, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері | 2021 жылғы қазан |
| | | тиісті ұлттық жобаларға білім беруге, денсаулық сақтауға, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге, интернетке, кәсіпкерлікке тең қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ, БҒМ, ДСМ, ЦДИАӨМ, мүдделі ОМО | 2021 жылғы қазан |
| | | қалалық және ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жобаларын іске асыру | 2025 жылдың қорытындысы бойынша халықты сумен жабдықтау мен су бұрудың сапалы қызметтерімен 100 % қамтамасыз ету | ИИДМ, ЭГТРМ, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері | 2025 жылғы желтоқсан |
| II бағыт: Мемлекеттік басқару | | | | | |
| 12. Қазақстан үшін "командалық реформа" құру | | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 23. | Үкіметтің тұрақты көшпелі күндерін ұйымдастырған жөн | Ұжымды ұйымшылдық ету, стратегиялық және шығармашылық ойлауды ілгерілету мақсатында, сондай-ақ бейресми талқылау үшін жоғары буын басшылары үшін тұрақты көшпелі күндерді ұйымдастыру және өткізу тәртібі бойынша ұсыныстар әзірлеу | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | МҚІА (келісу бойынша ), ҰЭМ, СЖРА (келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |
| 13. Стратегия мен саясатты әзірлеу процестері | | | | | |
| 24. | Келісушілікті қамтамасыз ету және қайталануды болдырмау үшін РЖК, СЖРА және Үкіметтің жұмыс жоспарларын ағымдағы есептен туындайтын жол картасымен синхрондауды қамтамасыз ету. Бұл ретте, жалпы кесте бұл жұмыста асығушылыққа алып келмеуді мұқият талдау, саясатты әзірлеу<br>және консенсусқа қол жеткізу үшін жеткілікті уақытты көздеуді; сондай-ақ саясат пен стратегияның әр түрлі мәселелері бойынша іс - қимылдардың тиісті дәйектілігіне мүмкіндік беруді де қамтамасыз етуі керек. | осы Жол картасының ең маңызды ұсынымдарын ҚР Президенті жанындағы Реформапар жөніндегі жоғары кеңес жұмыстарының жоспарьш дайындауда ескеруді қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат | СЖРА (келісу бойынша), ҮЭМ | 2022 жылғы желтоқсан |
| | | осы Жол картасының ең маңызды ұсынымдарын Үкіметтің жұмыс бағдарламалары мен жол карталарын дайындауда ескеруді қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ | 2022 жылғы желтоқсан |
| | Стратегиялық жоспарлаудың жаңа жүйесіне алдағы бір жьшдық шолуды ескере отырып:<br>РЖК, ПӘ, Қазақстан Республикасы | стратегиялық жоспарлау жүйесіне қатысушылардың оның дамуына ықпал ететін рөліне, өкілеттіктеріне, ресурстарына РЖК, ПӘ, Қазақстан Республикасы | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 25. | Үкіметінің және СЖРА тиісті рөлдерін; РЖК жанындағы комитеттердің өкілеттілік саласы мен құрамын; жаңа функцияларын оңтайлы орындау мақсатында осы топтар үшін тиісті бюджет пен адами ресурстардың болуын қамтамасыз ете отырып, әсіресе СЖРА мен ПӘ жанындағы РЖК Хатшылығында қолжетімді ресурстарды бағалау | Үкіметінің және СЖРА тиісті рөлдеріне; РЖК жанындағы комитеттердің өкілеттік саласы мен құрамына; жаңа функцияларын оңтайлы орындау мақсатында осы топтар үшін тиісті бюджет пен адами ресурстардың болуын қамтамасыз ете отырып, әсіресе, СЖРА мен ПӘ жанындағы РЖК Хатшылығында қолжетімді ресурстарға талдау жүргізу | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат | СЖРА (келісу бойынша), ҰЭМ, Есеп комитеті (келісу бойынша) | 2022 жылғы желтоқсан |
| 14. Кәсіби мемлекеттік қызмет құру | | | | | |
| 26. | Екі немесе үш негізгі өршіл, бірақ шынайы бағыттар мен міндеттерге басымдық беру арқылы тұжырымдаманы оңтайландыра отырып , Мемлекеттік басқару тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі жол картасын аяқтау | негізгі кезендері мен мониторинг тетіктері бар міндеттерді қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамыту жөніндегі 2030 жылға дейінгі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын іске асыру туралы есеп | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар | 2021 жылғы қазан |
| 27. | Мемлекеттік басқарудың оңтайландырылған тұжырымдамасын іске асырудың жол картасы қабылданғаннан кейін мемлекеттік қызметке қатысты жол картасын тиімді іске асырудың сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында Мемлекеттік қызмет істері агенттінің жарғысын, | Мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша МҚІА, ҰЭМ, ПМК және ПӘ функционалының ықтимал қайталануын талдау және тиісті ұсынымдар әзірлеу | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | МҚІА (келісу бойынша ), ҰЭМ, СЖРА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар | 2021 жылғы қазан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүмкіндіктері мен ұйымдастырылуын қайта қарау. Шолу ұсынымдарының негізінде әлеуетті қолдауды қамтамасыз ете отырып, Агенттіктің ұйымдастырылуына немесе басымдықтарына қажетті өзгерістер енгізу. Осы шолу аясында: Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен Ұлттық экономика министрлігінің, Премьер-Министр Кеңсесі мен ПӘ-нің мемлекеттік қызмет мәселелеріндегі тиісті рөлін бағалау және қайталануды қысқартуға мүмкіндік беретін міндеттерді неғұрлым ұтымды бөлуді әзірлеу, сондай-ақ Агенттіктің мемлекеттік қызмет істерінің шеңберінен шығатын міндеттерін алып тастау және қайта белу мәселесін қарау да қажет | Ұсынымдар негізінде МҚІА ережесі мен құрылымын қайта қарау, сондай-ақ ҰЭМ-нің, ПМК- нің және ПӘ-нің мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша қайталанатын функцияларын алып тастау шараларын қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МҚІА (келісу бойынша ), ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар | 2021 жылғы желтоқсан |
| | Кәсіби мемлекеттік қызметті құру мақсатында қай лауазымдардың саяси, қайсысы саяси емес екенін айқындау мәселесіне нақты және ұйымдасқан түрде келу керек Белгілі бір лауазымдарды ( мысалы, министрлердің орынбасарлары, ведомстволар басшыларының орынбасарлары, ПӘ департаменттері басшыларының орынбасарлары) саяси | саяси лауазымдар санын кыскартуға баса назар аудара сггырып, саяси кызметшілер лауазымдарының тізілімін кайта қарау | Қазақстан Республикасының Президенгі Жарлығының жобасы | МҚІА (келісу бойьшша ), ҰЭМ | 2022 жылғы желтоқсан |
| | | Ұсынымдар негізінде МҚІА ережесі мен құрылымын қайта қарау, сондай-ақ ҰЭМ-нің, ПМК- нің және ПӘ-нің мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша қайталанатын функцияларын алып | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МҚІА (келісу бойынша ), ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар | 2021 жылғы желтоқсан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 28. | тағайындаулар тізімінен алып тастау мүмкіндігін қарастыру | тастау шараларын қабылдау | | | |
| 29. | Осы схемалардың міндеттері мен іске асырылуын, олардың мемлекеттік лауазымдарға жоғары әлеуетті тұлғаларды тартудағы жетістігін және қабылдаудың басқа тәсілдерімен салыстырғанда позициялауды қоса алғанда, жоғары көрсеткіштері бар адамдарды қабылдаудың таяуда әзірлеген схемаларын бағалау. Шолу нәтижелерін перспективасы жоғары адамдарды кәсіби мемлекеттік қызметке іріктеудің ең үздік тәсілдерін қарастыру үшін пайдалану | Президенттік жастар кадр резервінің тиімділігін бағалау | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат | МҚІА (келісу бойынша ) | 2022 жылғы наурыз |
| | | Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу жүргізу тәжірибесін ескере отырып, мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесін қайта қарау | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша ) | 2022 жылғы желтоқсан |
| 30. | Барлық ресми істерді қоса алғанда, мемлекеттік қызмет саласындағы бес күндік қырық сағаттық жұмыс аптасына деген ұмтылыстың қайта жаңғыртылғаны туралы хабарлау. Төтенше жағдайлар сияқты өте аз ерекшеліктермен Үкіметтің барлық ресми отырыстарын | жұмыстан тыс уақытта ведомстволық және ведомствоаралық отырыстар өткізуді болдырмау | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | ПМК, МҚІА (келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |
| | | мемлекеттік қызметте жұмыс уақытын жүйелі түрде бұзуға жол бермеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу, оның ішінде МҚІА-ға апта сайынғы 40 сағаттың жұмыс | Қазақстан Республикасы Президентінің | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыс аптасы ішінде дүйсенбіден жұмаға дейін өткізуді қамтамасыз ету. Артық жұмыс істеуді болдырмаудың тиімді тетіктерін қамтамасыз ету | кестесінің сақталуына қатаң бақылауды жүзеге асыру бойынша қажетті функпиялар беру мәселесін пысықтау | Әкімшілігіне ұсыныстар | МҚІА (келісу бойынша ), мүдделі мемлекеттік органдар | 2021 жылғы қараша |
| 15. Мүмкіндіктерді талдау | | | | | |
| 31. | Министрліктер мен ведомстволар департаменттерінің мүмкіндіктерін талдаудың пилоттық кезеңін іске қосу мен қаржыландыруды бекіту | ОМО құрылымдық бөлімшелерінің мүмкіндіктеріне пилоттық талдау және бағалау жүргізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Президенті Әкімшілігіне ақпарат | ҰЭМ, МҚІА (келісу бойынша), СЖРА ( келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар | 2022 жылғы маусым |
| 16. Орталық үкіметті іске асыру жөніндегі бөлімше | | | | | |
| 32. | Үкіметтің мемлекеттік басқару саласындағы жалпы саяси басымдықтарының қысқаша жиынтығы бойынша нәтижелерді бақылайтын жаңа бөлімше құруды мақұлдау | ұсыныстар әзірлеу және негізгі саяси басымдықтарды мониторингтеу және іске асыру үшін жаңа құрылым құру, сондай-ақ оның Реформалар мониторингінің ұлттық талдау орталығымен, Ұлттық жобалау офисімен және Цифрлық трансформация орталығымен өзара іс-қимыл жасау мәселесін қарау | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | МҚІА (келісу бойынша ), СЖРА (келісу бойынша), ЦИАӨМ, ҰЭМ | 2021 жылғы желтоқсан |
| 17. Рәсімдік шолу, оңайлату және цифрландыру | | | | | |
| | Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне Үкіметті одан әрі цифрлық дамыту жөніндегі мынадай міндеттерді жүктеу мүмкіндігін қарау: барлық мемлекеттік органдардың бизнес-процестерін реинжинирингтеу мен | ұсыныстар әзірлеу және қолжетімділігі шектеулі ақпараттық ресурстарды қоспағанда, ведомстволық бағынысты ұйымды оның базасында Цифрлық трансформация және құзыреттер орталығын құру арқылы қайта ұйымдастыру жолымен | Қазақстан Республикасы | ЦДИАӨМ, ҰЭМ, Қаржымині, "Зерде" ұлттық | 2021 жылғы желтоқсан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 33. | цифрландыруды қадағалау жөніндегі міндет; цифрландыруға байланысты бизнес-процестерді реинжинирингтеу жобаларын әзірлеу және іске асыруды қамтамасыз ету үшін негізгі ресурс ретінде әрекет ететін Цифрлық трансформация орталығын құру; таңдалған негізгі сапалардағы ( әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау сияқты) процестерді толық реинжинирингтеу міндеті; үкіметтегі барлық цифрлық инвестициялық жобаларды үйлестеру жөніндегі міндет, сондай- ақ қолжетімділігі шектеулі ақпараттық ресурстарды қоспағанда, үкіметтік цифрлық қызметті қалыптастыра отырып , министрліктер мен ведомстволардың барлық АТ-бөлімдерін функционалдық қадағалау және қолдау | цифрландыруға байланысты бизнес-процестерді реинжинирингтеу жобаларын әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз ету үшін ЦДИАӨМ-ге бағынысты құрылымды құру мәселесін қарау | Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | инфокоммуникациялық холдингі" АҚ (келісу бойынша) | |
| | | қолжетімділігі шектеулі ақпараттық ресурстарды қоспағанда, өзінің мемлекеттік орғандары мен әкімдіктерінде цифрлық трансформация офистерін басқаратын, бизнесті трансформациялауды енгізу тәжірибесі бар және жаңа технологияларды түсінетін басшылар қатарынан CDTO ( Chief Digital Transformation) институтын енгізу, сондай-ақ мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының цифрлық трансформация жөніндегі орынбасарларына және жетекшілік ететін сапаларды трансформациялау бойынша KPI-ге қойылатын талаптарды әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ЦДИАӨМ, МҚІА ( келісу бойынша), ҰЭМ , ОМО және ЖАО | 2022 жылғы қаңтар |
| 18. Перспективасы жоғары мемлекеттік қызметшілер үшін жұмыс орнында басшы қызметкерлерді оқыту | | | | | |
| | Перспективасы жоғары лауазымды адамдар үшін жұмыс орнында басшыларды оқыту бағдарламасын және қаржыландыруды | "Жаңа формациядағы басшы" бағдарламасы бойынша қосымша модульді қосу үшін Saib Business School ( Ұлыбританияның | | МҚІА (келісу бойынша ), СЖРА (келісу | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 34. | бекіту: әртүрлі жергілікті және халықаралық жеткізушілер, оның ішінде жергілікті университеттер, Мемлекеттік басқару академиясы және Оксфорд университеті ұсынатын, оның ішінде көшбасшылық және басқару дағдыларын оқытудың | Оксфорд университеті), басқа да жергілікті және шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық жасау мәселесін пысықтау, оның ішінде осы бағдарламаны қаржыландыруды қалпына келтіруді қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат | бойынша), МБА (келісу бойынша), "Назарбаев Университеті" АБҰ (келісу бойынша), Қаржымині | 2022 жылғы маусым |
| | бірқатар модульдері Академияның және / немесе Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің әлеуетін өрістету бағдарламасын олар бағдарламаны орта мерзімді перспективада үйлестіруді және іске асыруды өз мойнына алуына болатындай әзірлеу | перспективасы жоғары мемлекеттік қызметшілер үшін жұмыс орнында басшы қызметкерлерді оқыту бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысына өзгерістер енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы | МҚІА (келісу бойынша), БҒМ, ҰЭМ, Қаржымині, СҚКД (келісу бойынша) | 2022 жылғы желтоқсан |
| 19. Унитарлық мемлекеттегі орталықсыздандыру | | | | | |
| 35. | Мыналарды: ауыл әкімдерін тікелей сайлауды; үкімет деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді бөлуді қайта карауды; облыстар мен қалаларға үлкен өкілеттіктер беруді; және өңірлерді бюджеттік қаржыландырудың жаңа жүйесі бойынша қоса алғанда, Президенттің өңірлерге қарай біртіндеп орталықсыздандыру жөніндегі ұсынымдарын іске асыру жоспарын дайындау | Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын және іс-қимыл жоспарын әзірлеу және бекіту кезінде мыналарды ескеру: өңірлерге қарай біртіндеп орталықсыздандыру және өңірлерге үлкен өкілеттіктер беру; аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлау; мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді бөлуді қайта қарау; өңірлерді бюджеттік | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ, мүдделі ОМО, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 жылғы қазан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қаржыландырудың жаңа моделі | | | |
| 36. | Президенттің өңірлер үшін бюджеттік қаржыландырудың жаңа моделі жөніндегі ұсынысын негізге ала отырып, іріктелген әкімдерге қаржыландыру және жоспарлау жөніндегі өкілеттіктерді пилоттық кезең-кезеңмен орталықсыздандыру мүмкіндігін қарастыру. Біртұтас мемлекет шеңберінде осындай өкілдік ету үшін жақсы нәтижелер көрсететін әкімдерді айқындау процесін қалыптастыру | қаржыландыру және жоспарлау бөлігінде өкілеттіктерді кезең-кезеңмен орталықсыздандыру, сондай-ақ жақсы нәтижелер көрсететін әкімдерді айқындау тетігі мен тәртібі бойынша пилотты жүргізу жөніндегі ұсыныстар әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ, мүдделі ОМО, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2022 жылғы ақпан |
| 37. | Алматы әкімінің қала мен іргелес аумақтарға қатысты, атап айтқанда, кешенді қалалық жоспарлаумен, қаржыландырумен және цифрландырумен байланысты қосымша өкілеттіктерді орталықсыздандыру туралы сұрау салуына қатысты шешім қабылдау. Қаланың 2050 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарлары тұрғысында Алматының ерекше мәртебесі туралы заңға тиісті өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдау. Алматы әкімінің сұрау салуы тұрғысында жылдам урбандалуды басқару сапасын арттыру мақсатында қалалық аумақтарды жоспарлау үдерістері | Алматы қаласының әкімдігіне қалаға және іргелес аумақтарға қатысты, оның ішінде кешенді қалалық жоспарлаумен, қаржыландырумен, цифрландырумен, сәулет және қала құрылысы қызметімен, көліктік және инженерлік инфрақұрылымды дамытумен байланысты агломерациялық мәселелерді шешу бойынша қосымша өкілеттіктер беру мәселесін заңнамалық деңгейде пысықтау, сондай-ақ жылдам урбандалуды басқарудың сапасын арттыру мақсатында қалалық және қала маңындағы аумақтарды | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ҰЭМ, мүдделі ОМО, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2022 жылғы ақпан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үшін жаңа тәсілдер мен стандарттардың талап етілетінін-етілмейтінін айқындау | жоспарлау кезіндегі тәсілдер мен стандарттарды айқындау | | | |
| III бағыт: Коммуникациялар және бренд | | | | | |
| 20. Ішкі коммуникациялар | | | | | |
| 38. | Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қабылдайтын барлық жаңа шараларға шолу жүргізу. Мыналарды: заманауи екіжақты мемлекеттік коммуникация жүйесін құруды; БАҚ және сөз бостандығын; сондай-ақ мемлекеттік шығыстардың және мемлекеттік БАҚ-ты басқарудың тиімділігін ескере отырып бағалау жүргізу.<br>Осы шолудың негізінде: үкіметтік коммуникацияларды Президенттің/Үкіметтің жоғары саяси басымдықтарына қол жеткізуге шоғырландыру үшін; азаматтардың күнделікті өмірі үшін олардың өзектілігін қамтамасыз ету мақсатында коммуникацияның стилі мен мазмұнын жаңғырту үшін; коммуникацияның заманауи әдістерін қосу үшін; сондай-ақ биліктің барлық деңгейлерінде (орталық және өңірлік) үйлестірілген коммуникациялар үшін негіз ретінде пайдалану үшін | мыналарды: сөз бостандығы және БАҚ тәуелсіздігі мәселелерін; мемлекеттік шығыстар мен мемлекеттік БАҚ басқару тиімділігін; Президент пен Үкіметтің жоғары саяси басымдықтарына қол жеткізуге баса назар аударуды; мемлекет пен азаматтар арасындағы коммуникацияның әдістерін, форматын, стилі мен мазмұнын жаңғыртуды; мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлеріндегі коммуникацияларды үйлестіруді; АКДМ қабылдаған шараларды бағалауды ескеретін екіжақты кері байланысы бар ішкі коммуникациялардың қазіргі заманғы стратегиясын енгізу бойынша талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | АҚДМ, СЖРА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар | 2022 жылғы желтоқсан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екіжақты кері байланысы бар ішкі коммуникациялардың заманауи стратегиясын енгізу үшін қажетті шараларды айқындау | | | | |
| 39. | Орталықтандырылған ұйымдастыру және үйлестіру моделін әзірлеу арқылы ақпарат алмасуды оңтайлы үйлестіру мен келісушілікті қамтамасыз ету мақсатында үкіметтегі баспасөз қызметтері мен коммуникациялар қызметтерін ұйымдастыру және үйлестіру жүйесін жаңарту. Мұндай қызметтердің коммуникациялау жөніндегі білікті мамандармен (кең бейінді мамандармен және/немесе мемлекеттік қызметшілермен емес) жасақталуын, сондай-ақ осы қызметкерлерді коммуникация мен маркетингтің заманауи әдістеріне оқытуды қамтамасыз ету | ақпарат алмасуды оңтайлы үйлестіру мен келісуді қамтамасыз ету мақсатында Үкімет пен мемлекеттік органдардағы баспасөз қызметтері мен коммуникациялар қызметтерін орталықтандырылған ұйымдастыру және үйлестіру схемасын жетілдіру | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат | АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар | 2022 жылғы маусым |
| | | қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларда дағдарыстық жағдайлар туындаған кезде мемлекеттік органдарды жедел хабардар ету және ақпараттық ден қою алгоритмін өзектілендіру және енгізу | әдістемелік ұсынымдар | АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар | 2022 жылғы қаңтар |
| | | мемлекеттік органдардың БАҚ-пен өзара іс-қимылы бойынша жұмысын бағалау бөлігінде " Мемлекеттік органның ашықтығы" бағыты бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау өлшемшарттарын әзірлеу | МҚІА, БП ҚСжАЕК, АҚЦМ, ЦДИАӨМ бірлескен бұйрығы | АҚДМ, МҚІА (келісу бойынша), БП ҚСжАЕК (келісу бойынша), ЦДИАӨМ, СЖРА (келісу бойынша), ЕК (келісу бойынша) | 2022 жылғы наурыз |
| | | баспасөз хатшылары мен баспасөз және коммуникация қызметтерінің қызметкерлерін | Коммуникативтік дағдылар мен маркетингке | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | коммуникация мен маркетингтің заманауи әдістеріне оқыту | оқытудың үлгілік бағдарламасы | МБА (келісу бойынша), МҚІА (келісу бойынша), АҚДМ | 2022 жылғы желтоқсан |
| | | медиа саласында белгілі бір тәжірибесі және кәсіби дағдылары бар неғұрлым білікті кадрларды тарту мақсатында баспасөз хатшыларына қойылатын біліктілік талаптарын қайта қарау | М Қ І А төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша), АҚДМ | 2021 жылғы қазан |
| 40. | АХҚО-ның жұмысын және Орталық Азияның ұлттық және өңірлік экономикасын қолдау үшін оның әлеуетін түсінуді жақсарту мақсатында ел ішінде де, сол сияқты халықаралық деңгейде де іске асырылатын АХҚО-ның жаңа коммуникациялық және маркетингтік стратегиясы бойынша жұмысты бастау. Бұл жұмыс АХҚО "жаңарту" стратегиясын әзірлеумен байланысты болуға тиіс | АХҚО-ның жұмысын және Орталық Азияның ұлттық және өңірлік экономикасын қолдау үшін оның ел ішінде де, сол сияқты халықаралық деңгейде де әлеуетін түсінуді жақсарту мақсатында АХҚО-ның жаңа коммуникациялық және маркетингтік стратегиясын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | "АХҚО" Әкімшілігі" АҚ (келісу бойынша), СІМ, АҚДМ, ҚНРДА (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |
| 41. | БАҚ тәуелсіздігін кеңейту үшін заңнамаға өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарау | БАҚ мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру жөніндегі талдау жүргізу және ұсыныстар әзірлеу | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | АҚДМ, мүдделі мемлекеттік органдар және ұйымдар | 2022 жылғы желтоқсан |
| 21. Азаматтық қоғамның қатысуы және дамуы | | | | | |
| 42. | Президенттің басшылығымен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесіне шолу жүргізу және оның тиімділігін арттыру | Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің тиімділігін арттыру бойынша талдау жүргізу және ұсыныстар әзірлеу | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | АҚДМ | 2021 жылғы желтоқсан |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 43. | ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының ұсынымдарын ( сондай-ақ ЕО сияқты басқа да негізгі ұйымдардың тиісті ұсынымдарын) бағалауға көмек көрсету үшін және қажетті іс-қимылдарды біртіндеп іске асырудың жол картасын әзірлеу үшін білікті халықаралық аға сарапшыны тарту | білікті халықаралық аға сарапшыны тарту және ЕО, ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы мен БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссары Басқармасының ұсынымдарын іске асыру жөніндегі жол картасын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | СІМ (жинақтау) АҚҰО (келісу бойынша), Әділетмині, ҰҚК ( келісу бойынша), БП ( келісу бойынша), СІМ, ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар және ұйымдар | 2022 жылғы желтоқсан |
| 22. Халықаралық брендинг және өзара іс-қимыл | | | | | |
| 44. | Жоғары білікті халықаралық сарапшының қолдауымен халықаралық брэндингтің жаңа стратегиясы бойынша жұмысқа кірісу: инвестицияларды ынталандыру жөніндегі агенттіктерді, Сауда және интеграция, Мәдениет және спорт министрліктерін және неғұрльм кең әкімшілікті қоса алғанда, Ақпарат және қоғамдық даму, Сыртқы істер министрліктерінің күш-жігерін біріктіру; он ребрендинг саласында үлкен тэжірибесі бар елдерден сабақ алу, сондай-ақ брендингтің жана стратегиясын оңтайлы іске асыруды қамтамасыз ету үшін халықаралық коммуникацияларды ұйымдастыруды талдау | халықаралық брэндингтің жана стратегиясын әзірлеу бойынша талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу, ол: оң ребрендинг саласындағы халықаралық тәжірибені ескеруге; жаңа брэндинг стратегиясын оңтайлы іске асыруды қамтамасыз ету үшін халықаралық коммуникациялар ұйымдастыруды талдауға негізделуге; АКДМ, СІМ, инвестициялар тарту жүйесіне қатысушылар, СИМ, МСМ және ПӘ күш-жігерінің үйлесімділігін қамтамасыз етуге тиіс | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | АКДМ, СИМ, МСМ, СІМ, ЦДИАӨМ, СЖРА (келісу бойынша), "Kazakh Invest ҰК" АҚ (келісу бойынша), "QazTrade" сауда саясатын дамыту орталығы" АҚ (келісу бойынша), " KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" АҚ ( келісу бойынша) | 2022 жылғы наурыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 23. Түйінді әріптестердің саяси және экономикалық өзара іс-қимылының нақты стратегиялары | | | | | |
| 45. | ЕО-мен және оның түйінді мүше мемлекеттерімен, Біріккен Корольдікпен және АҚШ-тың жаңа әкімшілігімен саяси және экономикалық өзара іс-қимыл стратегиясын дайындау және іске қосу. Бұл жаңа елшінің, түйінді министрліктердің, сондай-ақ неғұрлым кең әкімшіліктің өзара іс- қимылы үшін негізді қамтамасыз етуге тиіс | ЕО-мен және оның негізгі мүше мемлекеттерімен, Біріккен Корольдікпен және АҚШ-пен саяси және экономикалық, оның ішінде адам құқықтарын қорғау саласындағы өзара іс-қимыл стратегиясын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныстар | СІМ, ҰЭМ, СИМ, СЖРА (келісу бойынша) | 2021 жылғы желтоқсан |
| 24. Жол картасын іске асыруды мониторингтеу | | | | | |
| 46. | | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалығымен Жол картасының іске асырылу барысын жарты жыл сайын қарау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СЖРА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар және ұйымдар | тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей |
| 47. | | Жол картасының іске асырылу барысын қарау | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет | тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30-шы күнінен кешіктірмей |

## Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

| | |
|---|---|
| АКДМ | - Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі |
| АДЖ | - Аумақтық даму жоспары |
| АҚҰО | - Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық |
| АҚШ | - Америка Құрама Штаттары |
| "Атамекен" ҰКП | - "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы |
| АТ | - ақпараттық технологиялар |
| "АХҚО" әкімшілігі" АҚ | - "Астана" халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі" акционерлік қоғамы |
| АХҚО | - "Астана" халықаралық қаржы орталығы |
| АШМ | - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| АПК | - Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі |

| | |
|---|---|
| АЭА | - арнайы экономикалық аймақ |
| Әділетмині | - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі |
| ӘҚтК | - Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі |
| ӘРПК | - Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі |
| "Бәйтерек ҰБХ" АҚ | - "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы |
| БҒМ | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| БҚДА | - Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі |
| БП | - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы |
| БП ҚСжАЕК | - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистнка және арнайы есепке алу комитеті |
| ДСМ | - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі |
| "Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі" АҚ | - "Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі" акционерлік қоғамы |
| ЕК | - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті |
| ЕҚЫҰ | - Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы |
| ЕО | - Еуропалық Одақ |
| Еңбекмині | - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| ЖАО | - жергілікті атқарушы органдар |
| ЖС | - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты |
| ИИДМ | - Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі |
| "Қазақстан қор биржасы" АҚ | - "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы |
| "Қазмұнайгаз" ҰК" АҚ | - "Қазмұнайгаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы |
| Қаржымині | - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |
| КК | - Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі |
| ҚПК | - Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі |
| Қорғанысмині | - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі |
| ҚНРДА | - Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі |
| МБА | - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы |
| МЖЖ | - мемлекеттік жоспарлау жүйесі |
| МҚІА | - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі |
| МСМ | - Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі |
| "Назарбаев Университеті" ДБҰ | - "Назарбаев Университеті" дербе білім беру ұйымы |
| НҚА | - Нормативтік құқықтық акт |
| ОМО | - Орталық мемлекеттік органдар |
| Орталық Азия ХҚО | - Орталық Азия халықаралық қаржы орталығы |
| РЖК | - Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңес |

| | | |
|---|---|---|
| ПӘ | - | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі |
| ПМК | - | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі |
| "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ"АҚ | | "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы |
| СЖРА | - | Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі |
| СҚҚД | | Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті |
| СИМ | - | Қазақстан Республикасынын Сауда және интеграция министрлігі |
| СІМ | - | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| ТЖМ | - | Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі |
| ҰДЖ | - | Ұлттық даму жоспары |
| ҰБ | - | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі |
| ҮЕҰ | - | үкіметтік емес ұйымдар |
| ҰЭМ | - | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі |
| ЦДИАӨМ | - | Қазақстан Республикасынын Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі |
| ШОК | - | шағын және орта кәсіпкерлік |
| ІІМ | - | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| ЭМ | - | Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі |
| ЭГТРМ | - | Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі |
| "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" АҚ | - | "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамы |
| "KazakhInvest" АҚ | - | "KazakhInvest" акционерлік қоғамы |
| "QazTrade" сауда саясатын дамыту орталығы" АҚ | - | "QazTrade" сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК